

«ЖАҢА ВАГОНДАРДЫҢ ЕНГІЗІЛУІ САПАРЛАРДЫҢ ЖАЙЛЫЛЫҒЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН ЖАҚСАРТА ТҮСЕДІ. ЖОЛАУШЫЛАР ЖАҢА ВАГОНДАРДАҒЫ КЕҢ САЛОНДАРДЫ, ЖАҚСАРТЫЛҒАН ҰЙЫҚТАЙТЫН ОРЫНДАРДЫ, ЗАМАНАУИ КЛИМАТТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІН АТАП ӨТУДЕ. БҰЛ ҰЛТТЫҚ ТАСЫМАЛДАУШЫҒА ДЕГЕН СЕНІМДІ НЫҒАЙТЫП, ІШКІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ДАМУЫНА ОҢ ҰҚПАЛ ЕТЕДІ.

Әнуар АХМЕТЖАНОВ,
«Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директоры



№77 (3116)
23/09/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

НОВЫЙ ШАГ В РАЗВИТИИ ЛОКАЛИЗАЦИИ

Wabtec впервые запустит производство дизельных двигателей за пределами США – в Казахстане.

В рамках рабочей поездки в США делегация АО «НК «Қазақстан темір жолы» во главе с председателем правления Талгатом Алдыбергеновым посетила производственные

площадки компании Wabtec – одного из мировых лидеров в локомотивостроении – в городе Гров-Сити, штат Пенсильвания.

Завод в городе Гров-Сити



специализируется на производстве и капитальном ремонте дизельных двигателей для локомотивов и тяжелой техники. Делегация АО «НК «ҚТЖ» ознакомилась с современными технологиями, включая использование альтернативных видов топлива, процессы модернизации силовых агрегатов, а также системы цифрового мониторинга и контроля качества.

Особое внимание было уделено вопросам энергоэффективности, снижению выбросов и внедрению инновационных решений – ключевым направлениям в развитии подвижного состава ҚТЖ.

По итогам встречи компания Wabtec подтвердила планы запустить

в 2026 году производство новых дизельных двигателей на заводе «Астана Дизель Сервис» – первое производство двигателей за пределами США. Для Казахстана это станет важным шагом в развитии локализации и повышении технологической независимости отрасли.

Стороны также обсудили углубление сотрудничества в сфере трансфера технологий, подготовки кадров и технического сопровождения локомотивного парка. Визит стал значимым этапом в укреплении партнерства и подтвердил курс ҚТЖ на внедрение международных практик в развитие транспортной инфраструктуры страны.

Асель ШАЙХЫНОВА

ЛОГИСТИКАНЫҢ ТИІМДІЛІГІ РАСТАЛДЫ



Осы айдың басында Шығыс Қазақстан облысынан флекситанкалардағы 40 футтық контейнерлерде қазақстандық өсімдік майының сынама партиясы жөнелтілген болатын. Жүк Цзянсу провинциясына дейін 4700 км қашықтықты 12 күнде жүріп өтті.

Жеткізу логистиканың тиімділігін және «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның Қытайға тұрақты жеткізуге дайындығын растады.

Жоба стратегиялық сипатқа ие. Ол Қытай нарығын игеруге және Қазақстан Республикасы Президентінің алға қойған міндеттеріне сәйкес келетін контейнерлік тасымалдарды дамытуға бағытталған. Пилоттық жеткізімнің іске асырылуы отандық өндірушілер үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етуде.

10-11 қыркүйекте Қорғас станциясында өткен «Үрімші темір жолының» өкілдерімен келіссөздер барысында тараптар тиеу шарттарын қатаң сақтай отырып, 20 және 40 футтық контейнерлерде тұрақты май жеткізуді ұйымдастыру арқылы жобаны масштабтау ниетін растады. Осылайша, жоба ұзақ мерзімді ынтымақтастық пен Қазақстанның экспорттық әлеуетін одан әрі кеңейту үшін берік негіз қалыптастырады.

Ислам ТАЛҒАТ



Аслан АКАШОВ,
директор филиала
АО «НК «ҚТЖ» –
«Центр диагностики пути»:

Көкейкесті

ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ – ӨМІРІНДІ САҚТАУ

ҚТЖ-да жақын уақыттан бері қолға алынған пойыздағы медиа-кездесу одан әрі жалғасын тапты. Бұл жолы БАҚ өкілдері Астана – Бурабай жүрдек электр пойызында «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының қауіпсіздік жөніндегі атқарушы директоры Серік Айқынбековпен кездесіп, теміржолдағы қауіпсіздікке қатысты сұрақтарына жауап алды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Республикалық және салалық БАҚ өкілдерімен кездесуде спикер теміржол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданып жүрген шаралар, атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар туралы айтып берді. «Нұрлы жол» вокзал кешенінен басталып, Астана-1 вокзалына дейінгі аралықта жалғасқан медиа-кездесуде теміржол маңайында жүргенде ата-аналар мен оқушылардың нені есте сақтауы керектігі, темір жол өткелдеріндегі жол-көлік оқиғаларының және темір жолда адамдарды пойыз басып кету себептері, компания тарапынан қайғылы оқиғалардың алдын алу және тәуекелдерді азайту бойынша

– Биылғы 8 айда ҚТЖ бойынша теміржолда 44 рет адам басу оқиғасы болды. Былтыр осы аралықта 62 оқиға тіркелген екен. Бұл келеңсіздікке 39 пайыз жағдайда адамдардың ішімдік ішуі себеп болса, 36 пайыз жағдайда адамдар құлаққап тағып алып, белгіленбеген жерден өткен, ал 14 пайызында вагон астынан өтіп кетем деп пойызға басылған, 11 пайызында өзіне өзі қол жұмсап, пойыз астына түскен. Осы есепті кезең ішінде теміржол бойында пойыз басудан 27 адам көз жұмып, 23 адам жарақат алды. Соның ішінде 1,5-4 жас аралығындағы 4 бала зардап шексе, 2 бала қайтыс болды. Ал локомотив



бригадаларының шұғыл тежегіш қолдануы арқасында 409 адамның пойызға басылуына жол берілмеді. Жалпы теміржолшылар тарапынан қолға алынып, жоспарлы түрде жүзеге асырылатын профилактикалық жұмыстардың арқасында адам басу оқиғасы былтырғымен салыстырғанда 29 пайыз азайып, жалпы қауіпсіздік талаптарының бұзылуы 16 пайызға кеміді, – дейді спикер.

Мамандардың айтуынша, соңғы 3 жылда 226 адам басу оқиғасы тіркелген. Теміржолды қоршау қауіпсіздікке 100 пайыз кепілдік бермейді. Мәселен, қазір 26 станция мен 3 аралықта 211 км қоршау қойылған, тағы 242 км теміржол қоршауды қажет етеді. ҚТЖ-да 1026 теміржол өткелі бар, өткелдердегі

автокөлік пен пойыздың соғысуы бойынша соңғы 5 жылда 124 оқиға тіркелген. Биыл 8 айда 16 жағдай орын алған. Бұған көбіне автокөлік жүргізушілері тарапынан өткелдерден өту ережелерін сақтамауы себеп болуда. Бүгінгі таңда елде 44 өткелде бейнебақылау орнатылған. 41 жолаушылар көпірінде, 128 жолаушылар өткелінде және 247 өткелде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліпті.

Атап өтерлігі, теміржолды белгіленбеген жерден кесіп өткені үшін азаматтарға 3 АЕК көлемінде айыппұл салынады немесе ескерту беріледі. Ал өткелде ереже бұзып, теміржолды кесіп өткені үшін көлік жүргізушілеріне 20 АЕК көлемінде айыппұл салынып, 9 айға көлік жүргізу құқығынан айрылады.

Қазір 1-30 қыркүйек аралығында «Шара қолдан – өмірді сақта!» атты айлық өтіп, соның аясында 102 жұмыс тобы құрылды. Олар теміржолға жақын орналасқан 362 оқу орнына барып, түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Жыл басынан бері профилактикалық мақсатта 1512 жиналыс, 851 рейд өткізіліп, 123-тен астам қауіпсіздік бойынша ескерту белгілері қойылған. Компания қызметкерлері алдын алу жұмыстары үздіксіз жүргізіле береді, алайда адамдардың өз өмірі үшін жауапкершілік сезімін күшейтуі өте маңызды деп санайды.

(Тақырыптың жалғасы 2-бетте)
Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

К ЕДИНОМУ ИНФОПРОСТРАНСТВУ

Преимущества единого информационного пространства международных пассажирских перевозок Express International обсудили представители железнодорожных администраций стран Содружества.

Проект разрабатывается под эгидой Совета по международному транспорту государств – участников СНГ. Express International станет интегрирующим звеном для автоматизированных систем управления пассажирскими перевозками между железнодорожными администрациями. Она позволит синхронизировать данные по станциям, расписанию международных поездов и формировать итоговые данные по различным разрезам деятельности, включая статистику, аналитику, финансовые взаиморасчеты.

Выступая на Международном пассажирском форуме в Санкт-Петербурге (РФ), директор научного центра «Экспресс» Андрей Комиссаров рассказал об истории создания системы и ее роли в соединении международных пассажирских перевозок.

– Express International – первый значимый крупный проект создания новой информационной системы на пространстве 1520, которая является чисто интернациональной или международной. Это уже работающее решение, которое обеспечивает гарантированную связанность наших железнодорожных администраций между собой, – подчеркнул Андрей Комиссаров.

Он добавил, что предлагаемый готовый вариант дает возможность значительно сократить создание национальных систем до 5-7 лет.

Любовь РОББА

ЗА ПОСЛЕДНИЕ ДЕСЯТЬ ЛЕТ В СФЕРЕ ЦИФРОВИЗАЦИИ РЕАЛИЗОВАНЫ МАСШТАБНЫЕ ПРОЕКТЫ. СЕГОДНЯ ДЛЯ ДИАГНОСТИКИ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ ИСПОЛЬЗУЕТСЯ БОЛЕЕ 594 КОНТРОЛЬНЫХ ПРИБОРОВ. МЫ ТЕСНО ВЗАИМОДЕЙСТВУЕМ СО СТРУКТУРНЫМИ ПОДРАЗДЕЛЕНИЯМИ КОМПАНИИ ПРИ ИСПЫТАНИЯХ ЭЛЕМЕНТОВ ОБЪЕКТОВ ПУТЕВОГО ХОЗЯЙСТВА, ВНЕДРЕНИИ НОВОЙ ТЕХНИКИ И ПОДГОТОВКЕ АНАЛИТИЧЕСКИХ И СПРАВочНЫХ МАТЕРИАЛОВ ПО РЕЗУЛЬТАТАМ ДИАГНОСТИКИ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

К НАСТОЯЩЕМУ МОМЕНТУ АО «НК «ҚТЖ» КАПИТАЛЬНО ОБНОВЛЕНО БОЛЕЕ

450 км

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПУТИ.

УСЛУГОЙ СПУТНИКОВОГО ИНТЕРНЕТА В ПОЕЗДАХ НАЦИОНАЛЬНОГО ПЕРЕВОЗЧИКА ВОСПОЛЬЗОВАЛИСЬ СВЫШЕ

100 тыс.

ПАССАЖИРОВ.

ПО ИТОГАМ МАРКЕТИНГОВОГО ГОДА ИЗ КОСТАНАЙСКОГО РЕГИОНА ПОГРУЖЕНО

3,2 млн тонн

ЗЕРНА.



Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Цель мероприятия – разъяснение процедур участия отечественных товаропроизводителей в закупках и мер их поддержки, рассмотренных Порядком закупок АО «Самрук-Казына». Участникам встречи была представлена информация о действующих механизмах поддержки, включая возможности электронного магазина, а также представителями ҚТЖ, ТОО «Самрук-Казына Контракт» и ТОО «QazCloud» даны ответы на интересующие их вопросы.

В рамках проводимой работы по поддержке отечественного произ-

водства в 2025 году группа компаний АО «НК «ҚТЖ» заключила свыше 1 400 договоров с отечественными производителями, действует 185 долгосрочных контрактов на сумму 2,8 триллиона тенге, а за последние пять лет подписаны офтейк-контрактов на более чем 250 миллиардов тенге, включая 87,6 миллиарда только за 2025 год. Собравшиеся отметили, что такое внимание к локальному бизнесу создает прочный фундамент для развития производственных мощностей в стране. Эту мысль поддержал вице-президент ТОО «Фирма «БЕНТ» Фархат Ширханов.

– Главное в партнерстве с ҚТЖ –

прозрачность закупок и стабильность оплаты. Это дает нам возможность планировать производство, набирать людей, инвестировать в новые заводы. Недавно мы приобрели площадку в Акмолинской области и планируем увеличить выпуск шпал до двух миллионов штук в год, расширить экспорт. Половина вторых путей Достык – Мойынты уложена на наших шпалах и скреплениях, – отметил он.

Развивая тему условий закупок, заместитель генерального директора ТОО «Самрук-Казына Контракт» Нурлан Шарипов подробно рассказал о мерах поддержки отечественных товаропроизводителей: обязательный аванс не менее 30%,



сроки поставки – от 60 дней, а для сложной продукции – 120 дней, оплата – до пяти дней, условная скидка 5% при тендерах, освобождение от всех видов обеспечения. – С 1 января 2026 года вступает в силу единый реестр отечественных производителей, который будет вести Министерство промышленности и строительства РК. Все действующие меры поддержки при этом сохраняются, что обеспечит бизнесу стабильность и предсказуемость, – пояснил он. Важным акцентом повестки ста-

ло развитие цифровых решений. Руководитель службы по работе с клиентами ТОО «QazCloud» Айдоос Мустанов представил обновления электронного магазина SKstore.kz. Он отметил, что платформа стала важным инструментом для поддержки отечественных производителей и малого бизнеса: сегодня на ней зарегистрировано более 16 тысяч поставщиков, из которых 95% – представители МСБ.

(Продолжение на 3-й стр.)
Фото Александра ЖАБЧУКА

ТУРИСТІК ПОЙЫЗ САПАРҒА ШЫҚТЫ

 **Ислам ТАЛҒАТ,**
Астана



ЖОБА

2025 жылдың 22 қыркүйек күні Алматыдан 100-ден астам жолаушы «Алматы – Түркістан – Ташкент – Самарқан – Бұхара – Алматы» бағыты бойынша жүретін «Jibek Joly» туристік пойызымен сапарға шықты. Турдың ұзақтығы – 5 күн.

Пойыз заманауи әрі жайлы отандық өндірістің вагондарынан жасақталған. Интерьер ұлттық нақышта безендіріліп, дәстүрлі ою-өрнектермен айышқалған. Құрамда үш купелік және бір мейрамхана вагоны бар.

Пойыздағы тур барысында туристтер Қазақстан мен Өзбекстанның мәдени және тарихи орталықтарына аялдап, ғасырлар қойнауынан сыр шертетін жәдігерлермен танысады. Сапар барысында олар Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен көне Отырар қалашығын, Самарқандағы Әмір Темір кесенесі мен әйгілі Регистан алаңын, Бұхарадағы Арк қамалы мен Ляби-Хауз алаңын, Ташкенттегі Төле би кесенесі мен Хазрет Имам мемориалдық кешенін тамашалайды.

Турпакетке пойызбен сапар, кәсіби гидтердің сүйемелдеуі, барлық экскурсиялық билеттер мен трансферлер толық қамтылған. «Jibek Joly» туристік пойызы «Жолаушылар тасымалы» АҚ бастамасымен және «Өзбекстан темір жолдарының» қолдауымен ұйымдастырылды. Бұл жоба Қазақстанның халықаралық туристік әлеуетін арттырып қана қоймай, екі ел арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға және өңірдің тарихи мұрасын кеңінен танытуға серпін береді.

КӨШПЕЛІ КЕҢЕС ӨТТІ

 **Ұлан ОРАЗ,**
Астана



ТАСЫМАЛ

Рудный қаласында «ССТКӨБ» АҚ және «Транском» ЖШС-мен ҚТЖ өкілдерінің көшпелі кеңесі өтті.

Кездесу барысында көлік логистикасының негізгі мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, Қытай мен Ресей бағытында темір рудасын тиеу, сондай-ақ Қостанайдағы «СарыарқаАвтоПром» ЖШС үшін Қытайдан машина жинақтары бар контейнерлермен ашық вагондарды кері жүктеуді пайдалану туралы сөз болды.

Биылғы өткен 8 айдағы тасымалдың қорытындысы шығарылып, 2025 жылдың соңына дейінгі жұмыс жоспары анықталды. ERG компаниясы тобының кәсіпорындары үшін бос вагондардың жүруін ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Қабылданған шешімдер тасымалдау процесінің тиімділігін арттыруға, ірі өнеркәсіптік кәсіпорындармен ынтымақтастықты нығайтуға және жеткізілімдердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ВОКЗАЛДАР ҚАЛАЙ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА?

 **Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**
Астана



НАЗАРДАҒЫ
НЫСАН

Қазір елімізде 301 вокзал болса, соның ішінде жаңадан салынған 20-25 вокзал жөндеуді қажет етпейді, ал қалғанына күрделі жөндеу жұмыстары керек. Жарамсыз болып қалған бірқатары сүріліп, орнына жаңасын салу қажет. Бұл жұмыстарды 2 жылда атқару жоспарланған.


«Магистраль» сарапшылар форумы алаңында «Вокзалдар – елдің айнасы: жолаушылар үшін олардың келбеті қалай өзгереді?» тақырыбында пікірталас өтті. Іс-шара барысында вокзалдарды жаңғырту ісі қалай жүзеге асып жатқаны талқыланды.

– Бұл бүгінде өте өзекті тақырып. Вокзалдардың көбі өткен ғасырдың 50-жылдарында тұрғызылған. Сондықтан тозу деңгейі де жоғары. Оларға бұған дейін түрлі деңгейде жөндеу жұмыстары жүргізіліп келді. Дегенмен бүгінгідей ауқымды жаңғырту жұмыстары бұрын-соңды болмаған. Осы жылға дейін аталған вокзалдардың тоғызы жергілікті атқарушы биліктің құзырында болып келді. Оның үшеуі, яғни Шымкент, Екібастұз және Павлодар вокзалдары жөндеуден өткен. Олар әлі де сол әкімдіктерге қарайды. Қалған алтауы сенімгерлікпен ҚТЖ-ға өтті. Жаңғырту жұмыстары халықаралық стандарттарға сай жүргізіледі. Қазіргі вокзалдардың көбі сол талаптарға сай келмейді, соның бәрі реттеледі, – деді «ҚТЖ» ҰК» АҚ вокзал шаруашылығын пайдалану және дамыту жөніндегі атқарушы директоры Жұбан Көрпебаев.

Жаңғырту жұмыстары екі кезеңге бөлініп жүргізіледі, бірінші кезеңінде 125 вокзал, екінші кезеңінде 152 вокзал жөнделеді. Бірінші кезеңде вокзалдар туристік, тозу деңгейі, жолаушылар ағыны бойынша ерекшеліктеріне қарай жөнделеді.

– Барлық вокзалдар жұмыс біткен соң мемлекеттік сараптамадан өтеді. Сондықтан мердігер ұйымдарға қойылатын талап та жоғары. Жөндеу жұмыстарын жобалау вокзалдарды салудың бірыңғай стандарттарына қарай жасалады, әр өңірдің бірегейлігі де ескеріледі. Вокзалдардың ішінде мемлекеттік тарихи ескерткіштер қатарына кіретін ғимараттар да бар, оларға бөлек реставрациялау компаниялары қызмет көрсетеді, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылыс жөніндегі басқарушы директоры Марат Искалиев.

ДЕГЕЛЕҢНЕН АҚТОҒАЙҒА ДЕЙІН...



 **Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

Фиалил директоры Алмас Сейсемқанов төрағалық ететін, арнайы құрылған комиссия құрамында шаруашылық ревизорларымен бірге барлық депо жетекшілері, түрлі бөлімдер мен еншілес мекемелердің басшылары да бар.

Биылғы бақылау іс-шаралары тораптық жүк станциясы Дегелеңнен бастау алды. Оның өзіндік себебі де бар. Қарқын ала бастаған көмір тасымалы процесін жүргізуде бірінші сыныпты бұл станцияның үлесі зор.

Сол тәрізді вагондарды сұрыптау мен жүк пойыздарын құрастыруда басты орын алатын Жаңа-Семей станциясын да әуелгі кезекте сүзгіден өткізу, алдағы қысқы маусымға барынша жылдам дайындау – аса маңызды міндет саналады. Бұл орайда ПЧ-40 мекемесінің иелігіндегі АС-5-18 көлігіне мінген комиссия мүшелері екі станция аралығындағы 142 шақырым желі бойындағы барлық станциялар мен жол айрықтарын толықтай тексеріп шықты.



Жаз бойғы жауынды ауа райына қарамастан бұл өңірдегі теміржолшылар елеулі жұмыс жасаған. Ескірген шпалдар мен құмажолдардағы бағыттама бұрмаларын, жол шаруашылығына қарасты насос станцияларымен пневмобұтқаларды қысқы мерзімге әзірлеуде, ауыстыруда елеулі іс бар екен.

Ал, одан кейінгі кезекте сыныптан тыс Семей станциясы мен оған іргелес ПЧ-39, ЭЧ-18, ПЧ-29, ТЧЗ-24, ВЧД-23 мекемелері назарға алынды. Жоспарға сай, яғни, алдын ала белгіленген кесте бойынша кейінгі кезекте Ақтоғай-Аягөз, Аягөз-Жарма,

Жарма-Шар телімдерін тексеру ісі тұр.

Осы орайда қауіпсіздік департаментінің Семей учаскесі бойынша аймақтық бас ревизоры Темірбек Ақшалов бастаған РБ-6 аппараты желі бойындағы барлық шаруашылықтарға толық көлемде тексеру жұмыстарын жүргізуде. Әсіресе, нормативтік-техникалық құжаттар рәсімдеу, жылжымалы құрамдар мен арнайы құрылғыларға күтім көрсету нормаларын сақтау ісі қатаң назарға алынууда.

Комиссия мүшелері қауіпсіздік, еңбек қатынастары мен өндірістері тәртіп бойынша бірқатар

Қауіпсіздік

ТАЛАП БАР ДА, ТӘРТІП ЖОҚ

«Теміржол қауіпті аймақ!» деп дабыл қаққан ақтөбелік теміржолшылар елімізде адамдардың қатысуымен 40-тан аса оқыс оқиға тіркелгенін айтып отыр. Осыған орай Ақтөбе станциясында қауіпсіздік акциясы өтті.

 **Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Жедел профилактикалық іс-шара өткелде рейд жүргізуден басталып, әрі қарай темір жол колледжіндегі студенттер кездесуімен жалғасты. Рейдке Ақтөбе станциясының басшылығы, локомотив пайдалану депосының бас инженері, жол дистанциясы мен тәртіп сақшылары шығып, ел азаматтарына жол қоғалысы ережелерін сақтауды қаперге салды.

Ақтөбе станциясының басшысы Нұрлан Ермағамбетов, жыл басынан бері елімізде адамдардың қатысуымен темір жол бойында 45 оқыс оқиға болып, соның салдарынан 26 адам қаза тапқанын атап өтті. Қайғылы жағдайлар Қазақстан темір жолының 15 бөлімшесінде тіркеліпті.

Рейд кезінде теміржолшылар өткелді кесіп өтпек болған жолаушыларды тоқтатып, түсіндіру



жұмыстарын жүргізіп, қауіпсіздік сақтауды ескертетін ережелер жазылған парақшалар таратты. Ал ақтөбелік теміржолшылардың дені теориялық білім алатын колледждегі кездесу барысында студенттер қауіпсіздік акциясына қатысты мәселелерден бөлек,

АСЫҒЫСТЫҚ АПАТТЫ ЖАҒДАЙҒА ӘКЕЛЕДІ

Соңғы уақытта темір жол өткелдерінде жол-көлік оқиғалары жиілеп кетті. Өткелдердегі қауіпсіз жол қозғалысы – ортақ мәселе. Десек те, жүргізілген сараптамалық талдаулардың қорытындысы, көптеген жол-көлік оқиғаларының орын алуына жеңіл автокөлік жүргізушілерінің асығыстығы себеп болғанын көрсетіп отыр. Бұл шұғыл түрде бірлескен алдын алу шараларын қабылдаудың қажет етеді.

 **Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл

Осыған байланысты Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіндегі оқтандары облыс әкімдігі мен құқық қорғау органдарының басшыларына арнайы хат жолдап, өткелдердегі апат оқиғаларын азайту, автокөлік пен пойыздардағы жолаушылар өмірін сақтап, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бірлесіп шешуді ұсынып отыр.

– Көп жағдайда келеңсіз жайттардың орын алуына автокөлік жүргізушілері кінәлі. Мәселен, екі-үш жыл бұрын Шу – Тараз учаскесінің Тәтті – Қорағаты станциялар аралығындағы 3674 шақырым ПК 8-де орналасқан теміржол өткелінде «Ауди-100» маркалы автокөлігі жүк пойызымен соғысып қалған. Тексеру қорытындысында жүргізушінің бағдаршамның тыйым салушы қызыл түсі жанып тұрғанына, локомотивтің өткелге жақын келіп қалғанына қарамастан, темір жолды кесіп өтпек болған жауапсыз әрекеті салдарынан 6 бірдей жолаушы қаза тапты. Ал биыл 7 маусымда Шу – Тараз учаскесінің Аспара – Шу екі аралығының 3730 шақырымындағы 1-пикетінде жолаушылар пойызы апатқа ұшырай жаздады. Қырағылық танытып, дер кезінде тежегішті басып үлгерген электровоз машинисі қауіптің алдын алды, – дейді Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің

директоры Мейрамбек Кенжебаев.

Оқиға былай болыпты. Пойыздың жақындап қалғанына қарамай, жолды кесіп өтпек болған трактордың тіркемесі тура өткел үстінде ағытылып кетеді. Бұл сәтте №34 жолаушылар пойызы өткелге жақындап қалған болатын. Машинист трактор тіркемесіне 2-3 метр қалғанда локомотивті шұғыл тоқтатып үлгерді. Ал болуы ықтимал апатты жағдайды туындатқан трактор жүргізушісі оқиға орнынан қашып кеткен.

Сала мамандарының сөзіне сүйенсек, темір жол өткелдерінде автокөлік жүргізушілері тарапынан жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзу фактілері жиі тіркелуде. Көлік жүргізушілері күзетілетін өткелдерде бағдаршамның тыйым салушы қызыл түсінің жанғанына да, локомотивтің жақындап қалғанына да қарамай, шойын жолдан өтіп кетуге тырысады.

Жақында тағы бір жағдай биылғы 2 қыркүйекте кешкі 19.33-те Тараз – Жаңатас учаскесінің Аса – Жұма станцияларының аралығындағы 34 шақырым ПК4-де орналасқан теміржол өткелінде тіркелген. «ТЭМ 2У» тепловозінің машинисі локомотивті шұғыл тоқтатуға тырысқанымен, инерциямен келіп, «Альфард» автокөлікпен соқтығысады.

– Пойыз – жеңіл автокөлік емес. Тежегішті тартқанымен, екпінмен бірден тоқтай алмайды. Автокөлік жүргізушісі жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзып, «Жол жүру» ережесінің

оқуды бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу, бос ваканциялар туралы өздерін қызықтырған сұрақтарды қойып, оған жауап та алды.

«Қазір пойыз саны көбейіп жатыр. Қандағаш, Хромтау, Ақтөбе станцияларында көбірек пойыз өткізу іс-шаралары қабылданды. Бұл дегенің жаңа жұмыс орындары ашылады деген сөз. Сондықтан теміржолшылар үшін мүмкіндіктер көп. Сіздер қазірден теориялық білімге ден қойыңыздар. Бұл салада ең басты талап – жауапкершілік. Ал ол тәртіптен басталады. Сондықтан бұл белгілерді қазірден әдетке айналдырыңыз. Станцияда тұрған құрамның астынан жүрме, жолды кесіп өтпе. Машинист, кезекші ондай қозғалыстарды көрмей қалады. Сондықтан белгіленген тәртіп сақтау керек. Құрамды айналып өтуге еріңбеніз. Теміржолдың барлық жері қауіпті аймақ», – деді Ақтөбе локомотив пайдалану депосының бас инженері Бақытқали Жанесов.

Кездесуге Ақтөбе жол дистанциясының еңбекті қорғау жетекшісі де қатысты. Қауіпсіздік тақырыбында баяндама жасап, мысалдар келтірді. Теміржол сақшылары суық қару ұстау, есірткі қолдану сияқты заңға қайшы жат дүниелерден сақ болып, болашақ теміржолшыларға өз ісінің білгірі болуға қазірден дайындалуға, оның негізі білімде жатқанын атап өтті. Сондай-ақ, теміржолшы болудың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан артықшылықтары бар екенін жеткізді.

Суретті түсірген автор

сын-ескертпелер де жасауда. Сол тәрізді бірқатар мекемелердегі орын алған оқиықтарды жоюға қосымша уақыт берілді.

Сонымен қатар, сәуір айының 5-ші жұлдызынан бері күні бүгінге дейін жүргізіліп жатқан жалпыұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы сенбілік жұмыстарының нәтижесі де бірінші кезекте назарға алынууда. Осынау тексерулер барысында теміржолшылардың қызметтік киімдермен жабдықталуы, еңбек қауіпсіздігі, жұмыс орнының жайлылығы да назарға алынды. Бұл ретте теміржолшылардың қыс қарсаңындағы қажеттіліктерін түгендеуде мекемелердегі салалық кәсіподақ ұйымдарының төрағалары да күш салуда.

Осы айдың 29-ы күні күзгі тексеру жұмыстары Семей-Локоть телімі аралығында жүргізіліп, Ресей аумағындағы Локоть станциясы арқылы дрезина көлігімен Өскемен өңіріне қарасты Шемонайха станциясын бетке алатын болады.

Жалпы, биылғы комиссиялық тексеру жұмыстары Өскемен өңірін қоса алғанда алдағы айдың 3-і күні толық тәмамдалмақ. Оның нәтижесінде қазан айының 8-ші жұлдызына дейін арнайы хаттама әзірленетін болады. Ал, анықталған кемшіліктер, сын-ескертпелер, шаруашылықтардың жалпы жағдайы алдағы уақытта өткізілетін тораптық жиындар барысында кеңінен талқыға түседі.

Суретті түсірген автор



116-пунктіндегі 1-қосымшасында көрсетілген 2.5 жол белгісіне тоқтамаған. Тепловоздың жақын келіп қалғанына қарамастан, темір жол өткелінен өтіп кетуге тырысқан. Жүргізушінің қателігінен 6 жолаушы жарақат алып, бір адам қайтыс болды.

«Жалпы Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты барлығы 70 өткел бар. Облыс әкімдігіне апатты жағдайлардың алдын алу үшін осы өткелдердің ішінде Тәтті – Қорағаты станциялар аралығындағы 3674 шақырымның 8-пикетінде, 3730 шақырымның 1-пикетінде, Тараз – Талас аралығындағы 3515 шақырымның 7 пикетінде, 3535 шақырымның 4 пикетінде, Тараз – Бұрыл аралығындағы 4 шақырымның 1 пикетінде, 5 шақырым 1-пикетінде, Тараз – Күмшағал аралығындағы 3505 шақырым 1 пикетінде, Сұрым – Боранды арасындағы 3445 шақырым 10-пикетінде, Жамбыл өңірінің шекараларында орналасқан темір жол өткелдерінде жүргізушінің жеке басын анықтайтын «SERGEK» үлгісіндегі бейнебақылау камераларын және теміржол өткелдеріне келетін жолдарға жылдамдықты сағатына 40 шақырымнан асырмау керектігін ескертетін шектеу белгісін орнатуы ұсындым. Бұл қадам – қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жүргізушілердің жауапкершілігін арттыратын сөзсіз, – деп түйіндеді сөзін бөлімше басшысы.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ИИ НА СЛУЖБЕ ИНТЕРЕСОВ ЧЕЛОВЕКА



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Целью занятий стало освоение базовых навыков работы с интеллектуальными системами, применение ИИ для анализа данных и диагностики оборудования. Обсуждались такие направления, как защита персональных данных, предотвращение сбоев алгоритмов и соблюдение правовых норм. При этом несколько спикеров напомнили, что в критических ситуациях окончательное решение должно оставаться за человеком.

Эксперт ТОО «Neckarwiese» Тимур Бакибаев подчеркнул, что внедрение интеллектуальных систем должно происходить при строгом соблюдении норм безопасности и с учетом человеческого фактора.



ИИ должен служить интересам человека и повышать эффективность работы, отметил он.

В рамках встречи подробно рассмотрены возможности ChatGPT и режимы Research, Agent, Canvas и DALL-E, а также произведен обзор инструментов Gemini (Video, Photo StoryBook). На презентации участникам объяснили принципы работы чат-ботов на основе Retrieval-Augmented Generation

(RAG), подчеркнув, что технология RAG стала популярной благодаря объединению сильных сторон – поиску по смыслу (векторизации), актуальности и масштабируемости.

Важным акцентом стало умение правильно формулировать запросы цифровым помощникам. Спикеры отметили: чтобы получить точный и полезный ответ от бота, важно ясно определить цель вопроса, выделить ключевые слова и максимально

конкретизировать формулировку. Такой анализ позволяет ускорить получение информации и избежать недоразумений.

– Обучение анализу вопросов – важный элемент цифровой грамотности современных руководителей, – считает Тимур Бакибаев.

Отдельный блок дискуссии был посвящен вопросам этики. Участники говорили не только о перспективах внедрения новых цифровых решений, но и об ответственности специалистов за их использование. Было подчеркнуто, что грамотное применение ИИ должно опираться на принципы прозрачности, безопасности и осторожного внедрения в производственные процессы.

Завершая встречу, участники сошлись во мнении, что такие мероприятия помогают формировать современное видение у руководителей и способствуют уверенной интеграции инноваций в работу. Применение ИИ, подчеркнули они, позволяет не только ускорить производственные процессы, но и повысить их надежность.

Фото автора

Интервью ФОРМИРУЯ ЦИФРОВУЮ ЛОГИСТИЧЕСКУЮ ЭКОСИСТЕМУ

Управляющий директор по новым проектам и маркетингу АО «КТЗ Express» Асем Мухамедиева в интервью нашему изданию рассказала о востребованных маршрутах, оптимизации логистических процессов, создании терминальной инфраструктуры, развитии мультимодальных решений и многом другом.

– Асем Бериковна, расскажите о положительных результатах в развитии контейнерных перевозок?

